

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫ ЭКОНОМИКАСЫНДА ТУРИЗМДІ ДАМУДА КЛАСТЕРЛІК ӘДІСТІ ҚОЛДАНУ

Жолманова Н.Ж., Алимбеков Д.А., Рустемова С.М.


Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: nazik.zholmanova@mail.ru

Оңтүстік Қазақстан аймағы инфрақұрылымы дамыған, өнеркәсіптік және ғылыми-мәдени жағынан маңызды, орасан зор табиғи қорлары мен жеткілікті еңбек ресурстары бар үлкен өндірістік - экономикалық мүмкіндіктері бар аймақ болып табылады. Оңтүстік Қазақстандағы туризм саласын дамыту көрсеткіштері басқа аймақтармен салыстырғанда жоғары болғанымен оның әлеуеті толық қолданылмай отыр.

Аймақтағы туристік көрсеткіштерді талдайтын болсақ, туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер саны 2012 жылы 9767, оның ішінде кіру туризмі бойынша 212 адам, шығу туризм түрі 7155 адам, ішкі туризм 2400 адамға қызмет көрсеткен болса, ал бұл көрсеткіш 2013 жылы 6214 туристке көбейіп, яғни 15981 туристі құрады, яғни 2012 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 39% көбейген. 2014 жылдың қаңтар-қыркүйек айларындағы көрсеткіш 11521 туристке, оның ішінде кіру туризм бойынша 189 адамға, шығу туризм 7947 адамға, ал ішкі туризм бойынша 3385 адамға қызмет көрсетілген (сурет 1).



Сурет 1. Оңтүстік Қазақстан аймағында туризм түрлері бойынша қызмет көрсетілген туристер саны

Ескерту - [1] Мәліметтер негізінде жасалған

Аймаққа жалпы, мемлекетке жасалатын саяхаттарды есептеуге, реттеуге ең алдымен орналастыру орындарының саны мен ұсынылған қызмет көлеміне қарай есептелетіні анық. Кестедегі мәліметтерге талдау жасасақ, жалпы Қазақстан бойынша 2014 жылғы орналастыру орындарының саны 2056-ға жеткен, олардың ішінде Оңтүстік Қазақстан аймағында 639-ы, 31% орналасқан. 2014 жылы республика бойынша орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны 3 808 894, ұсынылған төсек-тәулік - 7 213 295, ал аймақ бойынша саны сәйкесінше 1 230 130, пайызбен - 32,2 %; ал төсек-тәулік мәліметтері бойынша – 2020149 ол республиканың 27,8 %-ын құрайды.

Кесте 1

Оңтүстік Қазақстан аймағының орналастыру орындары бойынша негізгі көрсеткіштері, 2014 жыл

№	Аймақтар	Орналастыру орындарының саны	Бөлмелердің саны	Орналастыру орындарында қызмет көрсетілген келушілердің саны	Ұсынылған төсек-тәулік
1	Қазақстан Республикасы	2 056	49 128	3 808 894	7 213 295
2	Алматы	243	3 729	196 718	354 973
3	Жамбыл	88	1 154	97 376	127 887
4	Қызылорда	72	2 337	41 487	108 569
5	Оңтүстік Қазақстан	114	6 383	133 306	276 028
6	Алматы қаласы	122	6 953	761 243	1 142 692

Ақпарат көзі: Мәліметтер [2] негізінде жасалған

Дамыған инфрақұрылым, қазіргі заманғы қонақ-үй кешендері, халықаралық стандартты аэропорттар болмай біз үлкен туристік ағымдарды, сәйкесінше ауқымды табыстарды да күте алмаймыз. Жалпы аймақта туризмді дамытуда күшті, әлсіз, мүмкіндіктері мен қауіптерін тиімді жағын, SWOT талдау арқылы көрнекі түрде көрсетуге болады (кесте 2).

Кесте 2

Аймақта туризмді дамытуда күшті, әлсіз, мүмкіндіктері мен қауіптерін көрсетітін SWOT талдау

Күшті жақтар	Әлсіз жақтар
<ul style="list-style-type: none"> - Географиялық орнының тиімділігі мен табиғи ресурстардың әр түрлілігі - Сан алуан мәдени мұра ескеркіштерінің орналасуы; тұрақты саяси жағдай мен еңбек ресурстарының болуы; - Мемлекеттің қаржыландыру мүмкіндігінің болуы; «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» транзиттік көлік дәлізінің аймақты кесіп өтуі аймақтың жоғары транзитті потенциалының болуы; - Санаторилік және курорттық нысандар мен ұлттық қорықтардың орналасуы 	<ul style="list-style-type: none"> - Халықаралық нарықпен салыстырған бәсекеге қабілеттіліктің төмендігі; - Туристік және жалпы инфрақұрылымның төмендігі; - Жоғары дәрежелі кадрлардың жетіспеуі; - Тарихи мәдени ескерткіштерді толық пайдаланбау және олардың төмен танымалдылығы; - Туристік жобаларды жүзеге асыруға жергілікті билік қолдауының төмендігі; - Жарнаманың жасалмауы мен ұлттық брендтің қалыптаспауы.
Мүмкіндіктер	Қауіптер
<ul style="list-style-type: none"> - Мәдени, танымдық, сауықтыру, діни, экологиялық туризмді дамыту әлеуетінің болуы; - Туристік өнімдерді жарнамалауда, ұсынуда интернет желісін орнату, - Бірегей аймаққа ғана тән туристік брендті қалыптастыру; 	<ul style="list-style-type: none"> - табиғатты қорғау іс-шараларының дұрыс ұйымдастырылмауы; - қызмет көрсету деңгейінің тұрақсыздығы; - туристік қызметтің бағасы мен сапасы арасындағы айырмашылықтың болуы; - туристік және көліктік инфрақұрылымдардың жеткіліксіз дамуы;

Ақпарат көзі: автормен құрастырылған


Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы №192 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы» бойынша Оңтүстік аймақты дамытуда кластерлік әдіс қолданылатындығы жазылған. Осы тұжырымдамада Қазақстан аумағында туризмді дамытудың негізгі механизмі ретінде 5 кластерді (Астана, Алматы, Оңтүстік, Шығыс, Батыс) дамыту қарастырылған. Оңтүстік Қазақстан кластерінің қамтитын аумағы - Қызылорда аймағының орталық және шығыс бөліктерін, Оңтүстік Қазақстан аймағының оңтүстік бөлігін, Жамбыл аймағының оңтүстік-батыс бөлігін қамтитын кластер болып табылады. Оңтүстік Қазақстан

кластері Еуразия құрылығын қамтитын «Ұлы Жібек жолының жүрегі» ретінде таныстырылатын болады. Осы кластерде әзірленетін негізгі туристік өнімдерге мәдени туризм мен турне кіреді [3].

Туристік индустрия демалыс және саяхат саласының дамуында кластерлік әдістің өзектілігін беретін өзіне тән ерекшеліктері бар. Туристік индустрия саларалық байланыстың кеңдігі мен фрагментарлық құрылымымен ерекшеленеді, ол кейбір зерттеушілерге туризмді шағын және орта бизнестің басым болуы, туристік өнімнің материалдық емес сипаты, өндірушілер мен тұтынушылардың оны бірыңғай қабылдамауы және т.б. экономика саласына жатқызудың дұрыстығына күмәндануына негіз болады. Осының барлығы туристік кластердің пайда болуы мен дамуының ерекше маңыздылығын шарттастырады. Олар әрбір қатысушыға өзін біртұтастың бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Мемлекет туристік кластердің қалыптасу мен дамуында, әсіресе бастапқы кезеңінде маңызды орын алады, алайда ол мұны туристік бизнеспен бірге стратегиялық альянспен жасайды.

Жоғарыда айтылып кеткен туристік кластердің құрудың 5 негізгі қағидасына сүйене отырып, келесідей Оңтүстік Қазақстан аймағында туристік кластер құрудағы моделді құрастырамыз (сурет 2).



Сурет 2 . Оңтүстік Қазақстан аймағында туристік кластерде құнның жи-нақталуының моделі. Ескерту – [4] мәлімет негізінде авторлармен құрастырылған

Аймақ экономикасында туризмді дамыту кезінде туристік кластерді құру біздің ел алдында туризм саласындағы бірінші міндеттердің бірі. Ол туристер ағымын көбейтіп қана қоймай, мемлекеттің төлем балансын жақсартады және туризмнің мықты инфрақұрылымын құруға септігін тигізеді.

Туристік кластерді құру барысында туризм саласының барлық субъектілері толық қатысады, бір мезгілде бір-бірімен байланыс жасай отырып өзара бәсекеге түседі. Туристік кластерде құн жинақталу моделі туристік кластердегі барлық звеноларын қамти отырып, бірге жұмыс жасауына жәрдемі тигізеді.

Оңтүстік Қазақстанда туристік кластерлерді құру кезінде келесі негізгі қағидалардың негізінде құрылады және қызмет атқарады:

- 1) шаруашылық жүргізуші бірліктердің территориялды шоғырландыру;
- 2) қосылған құнға тізбек құруға қатысу негізінде кластер мүшелерінің терең технологиялық қауымдастығы;
- 3) Кооперация мен бәсекелестіктің тіркесуі;
- 4) Жаңашылдық,
- 5) Мемлекеттік-жеке әріптестік.

Оңтүстік Қазақстан аймағында туристік кластерді дамытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасын қарастыратын болсақ жылдан жылға аймақта туризм дамып келе жатқанын байқаймыз (кесте 3).

Кесте 3

Оңтүстік Қазақстан аймағында туристік кластерді дамытудың негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

Көрсеткіштер	Нақты			Болжам		
	2011ж.	2012ж.	2013ж.	2014-2016жж.	2016-2018жж.	2019-2020жж.
Туризмнен түскен табыс (млрд.теңге)	78,2	82,3	151,7	843	1390,8	1866,6
Оңтүстік Қазақстанның аймағынан түскен табыс (млн. тнг)	45,2	47,6	87,8	488	805,2	1080,7
Ақпарат көзі: Мәліметтер негізінде [2] авторлармен құрастырылған						

Кестеден көретініміз қазіргі кезде Оңтүстік Қазақстан аймағының жалпы туризмге түскен табыстың 52% құраса, 2019-2020 жылдарға қарай бұл көрсеткіш дейін көтеріледі, олай болса аймақ туризмін дамыту тиімді деуге болады. Ол үшін біршама шараларға аса назар аударылу керек.

Сонымен, Аймақты мәдени-тарихи туризм орталығына айналдырса, нұр үстіне нұр болады. Себебі, бәрімізге белгілі Жібек Жолы барлық облыстарды қамтиды және ол ең негізгі туризм жарнамасы болып табылады, яғни, қазіргі кезде осы Жібек Жолымен өтуге талынатын туристер саны артуда. Ол біріншіден, мәдениеттер интеграциясына септігін тигізбек. Екіншіден, осы аймақты мекендеген жұрттың әл-ауқаты жақсарып, жұмыссыздық мәселесі де біршама шешіліп қалады.

Қазақстан туризм саласында дүниежүзілік тәжірбиені, ғалымдар болжамын ескере отырып, төл туристік бизнесін жедел дамытуға күш салуы тиіс.

Қазіргі таңда, бүкіл адамзаттың жаһандану үдерісі жүріп жатыр, бұл бір жағынан жер бетіндегі халықты біріктірсе, екінші жағына жекелеген ұлттардың тарихи, мәдениеті, салт-дәстүрінің жойылуына әкеліп соғады.

Жалпы тарихи, мәдени байланыстар халықтың пиғылын, мемлекет азаматтарының ой-өрісін өрсетеді. Тарихи мұрағаттар да, туристік бизнесте болашаққа қызмет етеді, стратегиялық идеяларды жүзеге асыруға тартылар көпір болу жолында Оңтүстік Қазақстан аймағының даму мүмкіндігі жоғары екендігіне сеніміз жоғары.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігінің Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс]. - Кіру тәртібі: <http://stat.gov.kz>
2. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімінің ресми сайты <http://www.ontustik.gov.kz/>
3. "Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы adilet.zan.kz/kaz/docs/P1300000192
4. Александрова А.Ю. Кластерные принципы организации туристского пространства (мировой опыт) // Роль туризма в модернизации экономики российских регионов: Сб. науч. Ст. по матер. междунар. научно-практич. конф., 8-10 июня 2010 г., Петрозаводск-Кондопога.- Петрозаводск: КарНЦ РАН, 2010. - С. 27-32.

ҚАЗАҚСТАНДА ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ

Есенгабылова А.Қ., Сұрағанова С.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: kasexanovna@mail.ru

Қазіргі таңда емдік-сауықтыру туризмі рекреациялық ресурстары бар әлемнің барлық елінде қарқынды дамып келеді. McKinsey & Company консалтингтік компаниясы жүргізген зерттеу нәтижесіне сәйкес, 2012 жылы осы саладағы жылдық ақша айналымы \$100 млрд. көлеміне дейін артты, демалушылардың жалпы саны 800 млн. адамды құрады [1].

2012 жылы әлемдік ЖІІ құрамында емдік-сауықтыру туризмінің үлесі 1,8% құрады. Global Wellness Tourism Congress аясында жасалған баяндамаға сәйкес, бұл туристік сектор келесі бес жылдықта орташа есеппен жылына 9,9% өсетін болады және 2017 жылы \$ 678,5 млрд. құрайтын болады, ол туризмнен түсетін жалпы табыстың 16% құрайды. Қазіргі кезде емдік-сауықтыру туризмінің әлемдік орталықтары Азия-Тынық мұхит аймағында болып табылады. Global Spa & Wellness Summit аясында жарияланған деректерге сәйкес, 2017 жылға дейін емдік-сауықтыру туризмі нарығының 50% Таяу Шығыс, Азия және Латын Америкасы елдеріне тиесілі болады [2].

Қазақстанда емдік-сауықтыру туризмі дамудың алғашқы сатысында болып табылады, алайда шипажайлы-курортты саланың біршама бай даму тарихы бар.

Мемлекеттік маңызы бар алғашқы курорт – Бурабай 1920 жылы ашылған болатын, 1922-1925 жылдар аралығында «Мойылды», «Манкент», «Ауыл», «Рахман бұлақтары», «Жаңақорған», «Шымған» шипажайлары салынып, қолданысқа берілді. 1931 жылы «Арасан-Қапал», «Алма-Арасан» және «Барлық-Арасан» шипажайлары ашылды, 80-ші жылдары республикада жалпы саны 22 мыңнан астам орны бар 88 шипажай, 73 шипажай-профилакторий, 70 демалыс үйі жұмыс жасады. 1981-1990 жылдар аралығында ашылған шипажайларға «Сосновый бор», «Мерке», «Ақжайық» шипажайларын жатқызуға болады [3]. Қазақстанның шипажайлы-курортты қызметтер нарығының дамуы кеңестік жүйеден бастау алады. Қалыптасқан кеңестік даму бағыты нарықтық экономика талаптарына сәйкес келмегендіктен, саланы басқару барысында көптеген мәселелердің туындауына алып келеді.

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауын жүзеге асыру бойынша жалпыұлттық шаралар жоспарын іске асыру мақсатында туризмді дамытудың Жүйелік жоспарлары құрастырылуда. Елдегі курорттық қызметтер нарығын дамыту жүйелік жоспардың негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Целью Жоспарға сәйкес отандық курорттық саланың бәсекеге қабілеттілігін нығайту, Қазақстанның курорттық қызметтер нарығының тартымдылығын